



# АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ САЯСАТЫ

• Қарастырылатын сұрақтар:

• Ақпараттық қауіпсіздік.

• Қауіпсіздік саясаты және негізгі элементтері.




**Ақпараттық қауіпсіздік –  
мемлекеттік ақпараттық  
ресурстардың, сондай-ақ  
саласында жеке адамның  
күқықтары мен мүдделері  
қорғалуының жай-күйі.**

## Ақпараттық қауіпсіздіктің өте маңызды 3 жайын атап кетуге болады:

**Қол жетерлік (оңтайлық)** – саналы уақыт ішінде керекті ақпараттық қызмет алуға болатын мүмкіндік.

**Тұтастық** – ақпараттың бұзудан және заңсыз өзгертуден қорғанылуы.

**Жасырындылық** – заңсыз қол жеткізуден немесе оқудан қорғау.



**Қауіпсіз жүйе** – белгілі бір тұлғалар немесе олардың атынан әрекет жасайтын үрдістер ғана ақпаратты оқу, жазу құрастыру және жою құқығына ие бола алатындай етіп ақпаратқа қол жеткізуді тиісті құралдар арқылы басқаратын жүйе.

**Сенімді жүйе** - әр түрлі құпиялық дәрежелі ақпаратты қатынас құру құқығын бұзбай пайдаланушылар тобының бір уақытта өңдеуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті аппараттық және бағдарламалық құралдарды қолданатын жүйе.

Жүйенің сенімділігі


```
graph TD; A[Жүйенің сенімділігі] --> B[қауіпсіздік саясаты]; A --> C[кепілдік]
```

қауіпсіздік  
саясаты

кепілдік

Кепілділік – жүйенің сәулетіне және жүзеге асырылуына көрсетілетін сенім өлшемі. Ол қауіпсіздік саясатын іске асыруға жауапты тетіктердің дұрыстығын көрсетеді.

Оны қорғаныштың, қорғаушылар жұмысын қадағалауға арналған, белсенсіз сыңары деп сипаттауға болады.






**Қауіпсіздік саясаты** – мекеменің ақпаратты қалайша өңдейтінін, қорғайтынын және тарататынын анықтайтын заңдар, ережелер және тәртіп нормаларының жиыны. Бұл ережелер пайдаланушының қайсы кезде белгілі бір деректер жинағымен істей алатынын көрсетеді. **Қауіпсіздік саясатын** құрамына мүмкін болатын қауіптерге талдау жасайтын және оларға қарсы әрекет шаралар кіретін қорғаныштың белсенді сыңары деп санауға болады.



## Қауіпсіздік саясаты және негізгі элементтері

- *Ұйымдастыру мәселелерін шешу.*
  - *Қатерге талдау жасау.*
  - *Жеңілдектерді анықтау.*
  - *Қауіпсіздік саясатының бұзылуына жауап қайтару шараларын анықтау.*
  - *Ұйымдастыру -әкімгерлік құжаттарды дайындау.*
- 

## *Ұйымдастыру мәселелерін шешу.*

Бұл кезеңде ақпараттық қауіпсіздік қызметі (АҚК) құрылады, ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда пайдаланушылардың санаттары, пайдаланушылардың барлық санаттарының жауаптылық деңгейлері, құқықты және міндеттері анықталады.

*Қатерге талдау жасау.*

Қатерді талдау үрдісі нені қорғау керек, неден қорғау керек және қалай қорғау (істеу) керек деген сияқты сұрақтардың жауабын анықтайды. Мүмкін болатын қатерлердің бәрін қарастырып шығу керек және оларды келтіретін зиянының ықтимал мөлшеріне байланысты жіктеу қажет. Қорғанышқа жұмсалатын қаржы қорғанылатын объектінің құнынан аспауға тиісті.

## *Жеңілдектерді анықтау.*


Қорларды пайдалану құқықтары, қорларды қолдану ережелері, әкімшілік жеңілдіктер, пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері, жүйелік әкімшілердің құқықтар мен міндеттері, жасырын ақпаратпен жұмыс істеу тәртіптері және т.б. анықталады.

- *Қауіпсіздік саясатының бұзылуына жауап қайтару шараларын анықтау.*

Қауіпсіздік режимі бұзушыларды табуға және жауапкершілікке тартуға бағытталған әрекеттер, сонымен қатар, ақпаратты бұрынғы қалпына келтіру және бұзулардың зардаптарын жою шаралары анықталады.

*Ұйымдастыру* *-әкімгерлік*  
*құжаттарды дайындау.*

Қауіпсіздік саясатының негізгі  
жайлары әр түрлі нұсқауларда,  
қағидаларда, ережелерде және  
өкімдерде келтіріледі.



Қауіпсіздік саясаты ақпарат қорғау жүйесінің қауіп-қатерлерге қарсы әрекет жасауға бағытталған құқықтық нормалардың, ұйымдастырушылық шаралардың, бағдарламалық-техникалық құралдар және процедуралық шешімдер кешенінің жиынтығын анықтайды.